

Сәуле Түркеева¹, Жұлдыз Түрекулова², Жасұлан Орынбаев³

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті Саясаттану және әлеуметтік-философиялық
пәндер кафедрасының PhD докторанты

E-mail: turkeeva2021@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0003-7081-6160>

(Алматы, Қазақстан)

² М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Саясаттану кафедрасының доценті, PhD

E-mail: turkulova74@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

^{3*} корреспондент-автор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
Университетінің аға оқытушысы, магистр

e-mail: zhassulan.orynbayev@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-8401-1839>

(Шымкент, Қазақстан)

ӘЛЕМДІК ГЕОСАЯСИ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кездегі әлемдік геосаяси тұрғыдағы күрделі жағдайдың жалпы үрдістерімен заңдылықтары қарастырылып, қалыптасқан саяси жағдайларға әлемдік көшбасшылыққа талас барысындағы жаңа әлемдік тәртіп құру бойынша көзқарастар мен теорияларға талдау жасалынады. Әлемдік саясаттың негізгі проблемаларының желісінде және жалпы теориялық көзқарастар шеңберінде тәжірибелік мәселелер айқындалады. Геосаяси жағдайдың тұрақсыздыққа ұшырауының негізгі себептерінің бірі ретінде, геосаяси дуалистік заңдылық шегінде теңіз державалары мен құрлықтық державалар арасындағы ұзақ тарихи жолы бар күрестің көрінісі қарастырылады. Жаңа геосаяси акторлар ретіндегі трансұлттық компаниялардың рөлі және мемлекеттердің егемендігіне ықпалы деңгейіне талдау жасалынады. Геосаяси тұрғыдағы стратегиялық маңызы бар ресурстар үшін бәсекелестік, аумақтық даулар, мемлекетаралық кикілжіңдер, түрлі аймақтардағы қақтығыстар жаһандық тұрақтылыққа төнетін негізгі қатерлер түрінде қарастырылады. Геосаяси жағдай және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің өзара байланысы қарастырылады. Орталық Азия аймағының геосаяси жағдайы, мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу деңгейі зерттеледі. Орталық Азия аймағына қатысты Батыс әлемі, Қытай, Ресей, Түркия түріндегі аймақтық жетекші күштердің геосаяси мүдделеріне салыстырмалы талдау жасалынады. Жаһандық жағдайдағы әлемдік саяси

үдерістер шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: геосаясат, әлемдік тәртіп, дағдарыс, қақтығыс, мүдде, Орталық Азия, ұлттық қауіпсіздік.

Сауле Туркеева, Жұлдыз Турекулова, Жасулан Орынбаев
ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ БЕЗОПАСНОСТИ
В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ
НЕСТАБИЛЬНОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются основные тенденции и закономерности современной сложной геополитической ситуации, а также анализируется текущая политическая обстановка в мире. Особое внимание уделяется тенденциям геополитической борьбы за глобальное лидерство и новым концепциям связанным с формированием мирового порядка. Исследуются идеологические, духовные и религиозные аспекты влияющие на геополитическую нестабильность. На основе анализа ключевых проблем мировой политики и общетеоретических подходов выявлены практические аспекты связанные с современной нестабильностью. В качестве одной из ключевых причин геополитической напряженности указывается противостояние морских и сухопутных держав в контексте геополитического дуализма. Особое внимание уделено изучению геополитического положения Центрально-Азиатского региона и уровня обеспечения национальной безопасности его государств. Проведен сравнительный анализ интересов ведущих региональных акторов включая Западный мир, Китай, Россию и Турцию в контексте их влияния на Центрально-Азиатский регион. Мировые политические процессы и их воздействие на национальную безопасность Республики Казахстан исследуются с использованием методов геополитической науки.

Ключевые слова: *геополитика, мировой порядок, кризис, конфликт, интерес, Центральная Азия, национальная безопасность.*

Saule Turkeeva, Zhuldyz Turekulova, Zhassulan Orynbayev
THEORETICAL ANALYSIS OF SECURITY ISSUES IN THE
CONTEXT OF MODERN GEOPOLITICAL INSTABILITY

Abstract. The article examines the main trends and patterns of the complex modern geopolitical situation, as well as analyzes the current political environment in the world. Special attention is paid to the trends of geopolitical competition for global leadership and new concepts related to the formation of a new world order. The study explores ideological, spiritual, and religious aspects influencing geopolitical instability. Based on the analysis of key global political issues and general theoretical approaches, practical aspects related to contemporary instability are identified. One of the main causes of geopolitical

tension is considered to be the historical confrontation between maritime and land powers within the framework of geopolitical dualism. Particular attention is given to the geopolitical position of the Central Asian region and the level of national security of its states. A comparative analysis is conducted of the interests of major regional players, including the Western world, China, Russia, and Turkey in the context of their influence on the Central Asian region. Global political processes and their impact on the national security of the Republic of Kazakhstan are studied using methods of geopolitical science.

Keywords: *geopolitics, world order, crisis, conflict, interest, Central Asia, national security.*

Кіріспе

Геосаяси тұрақсыздық орын алып отырған әлемнің саяси картасының өзгеруі, жаңа қауіп-қатерлер легі, мемлекеттер арасындағы консенсустардың жоғалуы ұлттық мүдде және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді өткір проблемаға айналдырды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан қауіпсіздік жүйесінің заман талабына сәйкес болмауы геосаяси алаңның тұрақсыздығына жол ашуда. Заманауи қатерлер легін реттеу бойынша халықаралық және аймақтық қауіпсіздік институттарының мүмкіндігінің шектелуі, қақтығыстарды шешу жолдарының күрделенуі жалпы адамзат алдында іргелі қауіптерді тудырып отыр. Сонымен қатар дәстүрлі геосаясаттағы мемлекеттер арасындағы бәсекелестік және геосаяси кеңістік үшін талас мәселелерімен айқындалатын ұлттық қауіпсіздік ұғымы да өзгеріске ұшырап отырғаны байқалады. Экономикалық дағдарыс, постпандемиялық жағдай, климаттың өзгеруі, трансұлттық қылмыс, сыбайлас жемқорлық пен қосарлы стандарттардың орнауы секілді факторлар ықпалымен ұлттық қауіпсіздіктің жаңа парадигмалары қалыптасуда. Әлемнің аймақтарында орын алып отырған қақтығыстар, цифрлық өркениет жағдайындағы ақпараттық және кибер кеңістіктердегі текетірес, ұлттың ділі мен өркениеттік кодын өзгертуге бағытталған іс әрекеттер өршіген кезеңде мемлекеттердің рөлі өзгеріп, ұлттық қауіпсіздікке қатысты көзқарастар мен тәсілдер жаңа нысанға ауысты.

Зерттеудің өзектілігі. Саяси ғылымының шеңберінде мемлекеттің егемендігін, ұлттық қауіпсіздігін зерттеу және оны қамтамасыз етудің тиімді жолдарын іздестіру іргелі, басым бағыт болып табылады. Вестфаль халықаралық қатынастар жүйесіне сәйкес, қауіпсіздіктің негізгі заңдылықтарында күштер тепе теңдігі, мемлекеттік егемендік қағидаттары, ұлттық мүдде мен мемлекеттік билік басымдықтары қамтылды. Қазіргі жағдайда әлемдік саясаттағы мемлекеттердің монополиялық билігі өткен шақпен байланысты құбылысқа айналып келеді. Осы ретте геосаяси ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдарына, ғылыми-сараптамалық талдау жасау және мәселені жаңа тәсілдер мен көзқарастар шеңберінде зерделеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Зерттеудің мақсаты – әлемдік тәртіптің дағдарысы және геосаяси қайшылықтардың өршуі жағдайында, ұлттық қауіпсіздік мәселесінің теориялық – сараптамалық талдауын жүзеге асыру болып табылады.

Зерттеудің негізгі болжамы – халықаралық қатынастар жүйесі: дүниежүзілік соғыс – гегемонның пайда болуы және әлемнің саяси картасының қайта бөлінуі – гегемонның әлсіреуі нәтижесіндегі қайшылықтардың басталуы – локальды соғыстардың орын алуы – дүниежүзілік соғыстың қайта басталуы – жаңа гегемонның пайда болуы циклдарынан тұратындығын және тарихи итерактивтілік түріндегі циклдың қайталануы, қазіргі жағдайда жаңа белеске өтті деп айқындаймыз. Яғни, геосаяси үстемдікке ие ірі империялардың өзі тарихта шексіз билігін ұстап тұрмағандығын, империялардың таралуы нәтижесінде жаңа қақтығыстардың орын алғанын ерекшелейміз. Қазіргі геосаяси жағдайдың күрделілігі де осы жағдайдан туындайды.

Әдебиеттерге шолу.

Мақаланың тақырыбына және географиялық шеңберіне байланысты Еуразия кеңістігіне қатысты танымал геосаясатшылардың еңбектеріне, қазіргі геосаяси жағдайға қатысты сараптамалық материалдарға және дағдарыстық сипатқа ие әлемдік тәртіп жағдайындағы ұлттық қауіпсіздіктің негізгі аспектілеріне арналған ғылыми сараптамалық әдебиеттерге талдау жасау маңызды.

Геосаясат классиктерінің еңбегінде ең басты мәселе ретінде құрлықтық және теңіз державаларының арасындағы күрес айқындалады. Неміс геосаясаттанушысы Р. Хеннинг теллуократиялық және талассократиялық державалар арасындағы күресте теңіз державасы үнемі жеңіске жететіндігін дәйектесе [1], ағылшын геосаясаттанушысы Х. Маккиндер, еуразиялық кеңістік мысалында құрлықтық державалардың үстемдігін айқындайды. Ол болашақ геосаяси жағдайда, Сібір арқылы темір жол желілерін ұштастыра білген құрлықтық держава Еуразияда өз күшін іске қоса отырып, теңіз державасына қарсылық танытатын орталыққа айналады деген жорамал жасайды [2].

Ресейлік идеолог А. Дугин 2024 жылы жарық көрген «Көпполярлы әлем: Идеядан шынайылыққа» атты монографиялық зерттеуінде Х. Маккиндер ұсынған «Хартленд» теориясының шеңберінде «бөлінген Хартленд» (distributed Heartlend немесе apportioned Heartlend) көзқарасын ұсынады. Ресейді көп полярлы жүйедегі еуразиялық «Хартленд» орталығы ретінде қарастыра келе, Қытайды құрлықтық империяның жалғасы және «Хартленд» мәртебесіне ие мемлекет деп таниды. Келесі «Хартленд» ретінде ғалым, көпполярлы жүйенің жетекші орталығы ретіндегі Үндістанды ұсынады. Аталмыш көзқарас арнасында А. Дугин арабтар мен парсыларды, шииттер мен сунниттерді, суфизмді өзара үйлестіре білген; шарифат заңдары мен жекелеген халықтардың локальды дәстүрлерін (адат) ұштастырған; философия, мәдениет, құқықтану, өнер және қолөнер салаларының даму биігіне жеткен Аббасилер халифатының

тарихи мысалында исламдық «Хартлендке» айналу мүмкіндігіне Түркия, Пәкістан, Индонезия және араб елдері ие болуы мүмкін деген ұйғарым жасайды [3].

Алғаш рет қауіпсіздікті геосаяси мәселе ретінде қарастыру тәсілін американдық ғалым Николас Спайкмен ұсынған. Ғалымның көзқарасы бойынша, геосаясат – географиялық факторларды ескере отырып, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сыртқы саясатты жоспарлауға бағытталады. Сонымен қатар, Н. Спайкмен мемлекеттің аумағымен қатар, маңызды факторлардың қатарына техникалық, әлеуметтік, моральдық, идеологиялық даму бағыттарын мемлекет ішіндегі қозғаушы күштерді халықтың менталитетінің ерекшелігін кіргізеді. Н. Спайкмен Римленд теориясының негізінде Орталық Азия аумағын құрлықтық және теңіз әскери күштерін біріктіру әлеуетіне ие геосаяси кеңістік түрінде сипаттайды [4].

Танымал саяси қайраткер Збигнев Бжезинский ұлттық мемлекеттер әлемдік аренадағы басты субъект болып танылғанымен, интернационалдық саяси жүйеде трансшекаралық жаһандық үдерістер басымдыққа айналып келеді деп зерделейді [5]. З. Бжезинскийдің тұжырымдамасына сәйкес, әлемдік көшбасшылық АҚШ еліне тиесілі болуы тиіс және ол американдық бастамамен ағылшын тілінде еркін сөйлейтін жоғары ұтқырлыққа ие, космополиттік дүниетанымға негізделген жаһандық элита қалыптастыруға шақырады. Сонымен қатар, З. Бжезинский мұнай-газ құбырларын геосаясаттың маңызды құралы деген ұйғарымды ұсынған алғаш геосаясатшы. Орталық Азия елдерінің энерго тасымал құбырлары Ресей аумағы арқылы өтетін болса, Ресейге деген саяси тәуелділік жалғасын таба береді, ал керісінше, құбырлар жүйесінің қандай да бір бөлігі Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан аумағына созылып, ол елден Түркия арқылы Жерорта теңізіне жіберілетін болса және тағы бір бөлігі Ауғанстан арқылы тасымалданатын болса, Ресейдің Орталық Азия аймағындағы жетекші рөлі төмендейді, ықпалы жоғалады деген пікір ұсынады. З. Бжезинский ұйғарымынша, қазіргі таңдағы геосаяси мәселелер Еуразияның қай географиялық бөлігіне үстемдік етудегі маңызын, құрлықтық және теңіз державаларының үстемдігі мәселесін тарихқа айналдырып отыр. Геосаясат аймақтық дүниетанымнан жаһандық ауқымға ауысты дегенмен, барлық Еуразия құрлығында үстемдік ету жаһандық көшбасшылықтың негізгі өзегі болып табылады деп ұйғарым жасайды [6]. Американдық зерттеуші Сол Бернар Козн Ирак, Ауғанстан жерлеріндегі американдық әскери операциялар, партизандық соғыстардың нәтижесінде ұзаққа созылып кетті, ал бұл кезеңде Қытай экономикалық алып елге айналды деген ұстанымды ерекшелейді [7].

Жалпы классикалық геосаяси тұжырымдарға талдау жасау арқылы, XX-XXI ғасыр шегінде ұсынылған көзқарастардың қазіргі жағдайда өзектілігінің арта түсуін айқындаймыз.

Ал қазіргі геосаяси тұрақсыздыққа қатысты ұстанымдар түрлі пікірлер арнасында өрбіп отыр. Атап айтқанда, халықаралық тәртіпті айқындаушы

жүйелер шеңберінде қалыптасқан аумақтар біркелкі және әділ бөлінбеген, сондықтан аталмыш мәселе қазіргі геосаяси тұрақсыздықтың басты себебі болып табылады деген саяси ойлар ерекшеленеді [8]. Американдық Пердью, зерттеу университетінің профессоры Берт Чапмен пікірінше, әлемнің геосаяси тұрақсыздығын тудырушы фактор - жекелеген ел немесе аймақтардағы саяси тұрақсыздықтар [9].

XX-XXI ғасырларда атлантистік геосаяси заңдылықтарға балама ретінде қытайлық саяси процестерді зерттеу бағыты қалыптасты. Әлемдік геосаяси турбуленттік жағдайындағы мемлекеттердің мәртебесіне қатысты «Мемлекет - өркениет» (Civilization State) тұжырымдамасы айрықша маңызға ие [10]. Ол бойынша, мемлекет - өркениет – бұл халықаралық қатынастар теориясына сәйкес ұлттық мемлекет қатарына кірмейді және либерализм теориясына сәйкес «әлемдік үкімет болып табылмайды. Мұндай тұрғыдағы мемлекет жаһандық ауқымға ұмтылмайды және идеология, мәдениет, шекаралардың өзгерісіне қарамастан, орталықтандырылған империя түрінде өмір сүруі мүмкін. Бұл тұжырым британдық журналист Мартин Жактың еңбегінде жалғасын тауып, автор Қытайдың экономикалық күші болашақ әлемнің саяси және мәдени ландшафтын өзгертетін фактор деп атап көрсетеді [11].

Зерттеу әдіснамасы

Мақаланың теориялық негізін Ф. Ратцельдің географиялық детерминизм теориясы, Н. Спайкмен, З. Бжезинский еңбектеріндегі әлемдік аренадағы геосаяси субъектілерінің өзара ықпалдастығындағы әскері-күш үстемдігіне негізделетін геостратегиялық тұжырымдар, құрлықтық державалардың үстемдігін негіздейтін Х. Маккиндер, К. Хаусхофер, А. Дугин көзқарастары, И. Валлерстайнның әлем-жүйе теориясы тұжырымдамасы құрайды.

Мақалада геосаяси қайшылықтардың тарихи түп тамырын айқындап, қазіргі саяси жағдаймен байланыстыру мақсатында және мемлекеттердің сыртқы саяси доктриналарын геосаяси теорияларды салыстыру үшін, тарихи-салыстырмалық әдіс қолданылды. Тарихи әдіс арнасында саяси құбылыстарды хронологиялық шеңберде қарастыра отырып, өткен, осы және болашақ арасындағы байланыстарды орнатуға мүмкіндік аламыз.

Геосаяси құбылыстарды, үдерістерді, нысандарды күрделі ұйымдасқан жүйе ретінде қарастыру маңызды. Әлемде болып жатқан геосаяси жүйесін мемлекеттердің қоғамдық-саяси дамуына ықпалын, байланысын қарастыратын жалпы жүйелік әдісі қолданылады.

Зерттеу нәтижелері

1) Геосаяси тұрақсыздықтың басты себебі ретіндегі «Әлемдік тәртіп» дағдарысы.

Геосаяси тұрақсыздық – әлемнің күн тәртібіндегі өзекті мәселе ретінде жетекші мемлекеттердің стратегиялық құжаттары мен мемлекет басшыларының мәлімдемелерінде жиі көрініс тауып келеді. Мем-

лекет басшысы Қ.К. Тоқаев Сингапурде оқыған «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәрісінде: «Біз геосаяси шиеленістен бастап, макроэкономикалық қиындықтарға дейінгі және жиілей түскен климаттық апаттар секілді қаншама дағдарыспен бетпе-бет келіп отырмыз. Қауіпсіздік архитектурасының іргесі жылдам сөгіліп барады, әлемдік державалар арасында бір-біріне сенімсіздік таныту үрдісі үдей түсті», деп айқындайды [12].

Адамзаттың барлық тарихы – бұл ірі державалардың экспансиялық саясатымен айқындалатын кеңістікке қол жеткізуге бағытталған күрес. Сондықтан қауіпсіздік дәстүрлі түрде мемлекеттердің саяси дамуының басты қағидасы болып табылады және ол Ф. Ратцель көзқарасына сәйкес өмірлік маңызды кеңістіктерге негізделеді. Американдық ғалым Дж. Айкенберри ойынша, халықаралық қатынастардағы басты мәселе – тәртіптің қалай құрылуы, бұзылуы және қалпына келтірілуі түрінен көрініс табады [13, p. 22].

Әлемдік тәртіптің дағдарысының басты себебі ретінде зерттеушілердің басым бөлігі Америка Құрама Штаттарының гегемониялық жағдайының төмендеуін және жаңа гегемонның қалыптаспағанын ескертіп, осы бағыт бойынша Қытай, Ресей, Түркия, Үндістан, Иран елдері тарапынан көпполярлы жүйені орнатуға деген ұмтылыстарды айқындайды.

Американдық саясаттанушы Дж. Миршаймер өзінің «Ұлы державалар саясатының трагедиялары» атты еңбегінде барлық державалардың түпкілікті мақсаты-халықаралық жүйедегі гегемондыққа қол жеткізу. Сондықтан, ірі күш акторлары арасындағы геосаяси бәсекелестік әлемдік саясатты қалыптастырушы элемент болып танылады деп айқындайды. Миршаймер көзқарасы бойынша, әлем 2016 жылы көпполярлы жүйеге аяқ басты, бұл- либералды халықаралық тәртіптің аяқталуы және реалистік тәсілдің тәжірибелік көрінісі. Американдық гегемонияның әлсіреуі нәтижесінде, әлем бірполярлық жүйеден көпполярлы жүйеге ауысу үрдісін басынан кешіріп жатыр. Ол дегеніміз, әлемдік геосаяси жүйеде бірнеше күш орталықтарының қалыптасуын тудыратын фактор деп тұжырымдайды [14].

Дж. Най өзінің «Америкалық ғасыр аяқталды ма?» атты еңбегінде АҚШ әлемдік саяси жүйедегі гегемониялық әлеуетінің төмендегенін білдіретін үрдістер жайында сөз қозғайды [15]. 2016 жылы Американдық Халықаралық қатынастар бойынша Кеңестің аға ғылыми қызметкері Стюарт Патрик «Әлемдік тәртіп: ережесі қандай?» атты мақаласында, 1945 жылы АҚШ үстемдігін жариялаған әлемдік тәртіп қалыптасты, сол кезеңдегі халықаралық жүйе архитекторлары АҚШ көшбасшылығын тұрақты және заңды халықаралық институттар арқылы бекіте білді. Бұл жүйе қазіргі таңда ескірді, сондықтан АҚШ басқа да аймақтық жетекші мемлекеттермен біріге отырып, көп жақты ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болуы тиіс деп айқындайды [16].

Талдау жүргізіліп отырған тұжырымдармен қатар, кері бағытты қамтитын саяси көзқарастар да ерекшеленеді. Мысалы, американдық профессорлар Леонард Хохберг және Майкл Хохбергтердің «АҚШ 4 бағытта соғыс жүргізе алады ма?» атты сараптамалық талдауында қазіргі әлемнің геосаяси жағдайын Америка Құрама Штаттары өзінің әскери-теңіз әлеуетін қайта жандандыруы арқылы реттеуі тиіс, осыған байланысты американдықтар бірнеше бағытта соғыс жүргізуге дайын болуы қажет, бұл – Қытай, Ресей, Иран және Солтүстік Корея бағыты деп жазады. Егер бұл мемлекеттер бірігіп, ортақ шешімге келетін болса, АҚШ осы төрт бағытта соғыс жүргізуге дайын болуы керек деген ұсыныстар жасай отырып, «Шанхай ұйымын Хартленд елдерінің альянсы» ретінде қарастырады [17]. Американдық ғалым және мемлекеттік қайраткер Р. Хаас «Әлемдік тәртіп 2.0» тұжырымдамасында, жаһандық жағдайда «Әлемдік тәртіп 1.0» барысында қалыптасқан мемлекеттердің егемендігін құрметтеу, қазіргі әлемдік тәртіпке бара - бар емес, осы ретте мемлекеттердің негізгі жаһандық мәселелерге қатысты егеменді құқығын дәйектейтін «Әлемдік тәртіп 2.0» қалыптасуы тиіс, ол жоба реализм бағытымен айқындалады деп жазады [18].

2) Теңіз державалары (Sea Power) және құрлықтық державалар (Land Power) арасындағы геосаяси бәсекелестіктің тарихи және заманауи көрінісі.

Жалпы жер шары ауқымында, геосаяси кеңістіктерді айрықшалауда Карл Шмитт «үлкен кеңістік» (Grossraum) түсінігін ғылыми айналымға енгізсе, Карл Хаусхофер пан-аймақтар шеңберінде Солтүстік-Оңтүстік осьі арқылы әлемді бөлуді ұсынған. Үлкен кеңістіктер түрлі негіздер бойынша өркениеттік бірлік, экономикалық-стратегиялық өзара ықпалдастық қалыптасады. Әлемдік тарих шеңберіндегі құрлықтық державалардың және теңіз державалары арасындағы үздіксіз күресті әлемнің геосаяси құрылымын айқындаушы және әлемдік тәртіпті орнатушы үдеріс ретінде қарастырамыз. XIX ғасырда теңіз державасы ретінде Ұлыбританияның үстемдігі басым болса, XX-XXI ғасырдың бірінші жартысында А. Мэхэн «Теңіз құдыреті» геосаяси теориясына, стратегиясына бейімделген Америка Құрама Штаттарының үстемдігі орнады. Неміс геосаяси мектебінің көрнекті өкілі К. Хаусхофер Германия, Ресей, Жапония елдерінің одағынан құрылған үлкен Еуразия одағын құрудың тиімділігін атаған. Осы арқылы өзара соғысты тоқтатуға мүмкіндік алып, атланттық бағыттағы теңіз державаларына қарсы тұру әлеуетін арттыруға болатынын болжайды. Ол әлемдік аралды (Еуразия) АҚШ және Ұлыбритания сияқты теңіз күшіне ие державалардың экономикалық ықпалынан арылуға қол жеткізуге болады деген идеясымен танымал.

А. Дугин пікірінше, геосаяси құбылыс ретіндегі ислам фундаментализмі атланттық бағыттағы елдердің геостратегиясы болып табылады және XX ғасырларда Ауғанстан «Хартленд» орталығының бірі ретіндегі Кеңес Одағына қарсы геосаяси стратегияның негізгі орталығына айналды. Ресей идеологы, қазіргі таңда Батыс әлемі бұл стратегияны қайта жандандыруға

күш салуы мүмкін, сондықтан бұл әрекеттердің алдын алу мақсатында Талибтермен келісімге келу маңызды. Басқа да көпполярлы жүйеге мүдделі елдермен, негізгі Қытаймен бірлесіп, Ресей Орталық Азиядағы саясатын қайта жандандыруы қажет деген ой ұсынады [3, 57-6.]

Негізінен теңіз державасы және құрлықтық державалар арасындағы геосаяси бәсекелестік, Орталық Азиядағы геосаяси жағдайға тарихи түрде ықпал еткен мәселе. Атап айтқанда, XIX ғасырдағы теңіз державасы Британ империясы және Ресей империясы арасындағы «Үлкен ойын» түріндегі геосаяси теке тірестің көрінісі Орта Азиядағы саяси жағдайларды кейбір жағдайда айқындаушы фактор болды. Бұл «Үлкен ойында» британдықтар өмірлік кеңістігі ұлғайып келе жатқан Ресей империясын, Орталық Азия арқылы Үндістанға қауіп төндіріп отырған күш ретінде таныды. Орталық Азиядағы қазіргі геосаяси ойын XIX ғасырдағы Үлкен ойынға қарағанда ауқымының кеңдігімен сипатталады. Ол кезеңде тайталас Ұлыбритания мен Ресей арасында болса, XXI ғасырда бұл «Үлкен ойын» ережесіне жаңа күштер қосылып келеді.

Тарихи тұрғыдан алсақ, 1907 жылы Англия мен Ресей яғни, талассократиялық және теллуократиялық империялар арасындағы келісім нәтижесінде Орталық Азияда жағдайды тұрақтандыруға қол жеткізілді. Сондықтан қазіргі таңда талассократиялық державалар АҚШ, ЕО, Жапония және теллуократиялық Қытай мен Ресей арасында консенсустың орнауы жағдайында ғана Орталық Азиядағы геосаяси қайшылықтар реттеледі деп санаймыз.

3) Орталық Азиядағы негізгі әлемдік акторлардың мүдделері.

Орталық Азия аймағында геосаяси мүдделердің тоғысуы – бұл мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлердің бірі болып саналады. Геосаяси күштер Америка Құрама Штаттары, Еуропалық одақ елдері, Ресей, Қытай, Түркия түріндегі акторлардың қазіргі таңда Орталық Азия саяси үдерістеріне белсенді қатысуға және ықпалын арттыруға деген мүдделері басым.

Ресей 2000-жылдардан бастап, Орталық Азиядағы геосаяси қатысуын жандандыруға саяси күш жігерін жұмсап отыр. Қазіргі таңда ол Орталық Азияда көп полярлы жүйенің жақтаушысы және ҰҚШҰ шеңберіндегі әскери кепілдік беретін күш ретіндегі ұстанымда. Дегенмен, тәжірибе жүзінде бұл мәселе қиындыққа ұшырауда, себебі Орталық Азия елдері Батыс әлемінің ықпалымен қатар Қытай, Түркия сияқты жетекші күш орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан аймаққа айналды. Ресейдің Орталық Азиядағы мүдделері экономикалық негізі басым болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Қытайлық зерттеушілердің пікірінше, Ресей Украинадағы жағдайдан туындаған экономикалық санкциялар салдарынан бұл міндеттерді атқаруға әлеуеті төмен. Сондықтан, ол Орталық Азия аймағындағы қытайлық жобаларға қатысу арқылы ғана қол жеткізе алады деп санайды. Аталған ұйғарымға сәйкес, Ресейдің сыртқы саясаты мен экономикалық ресурстары Батыс елдерімен тығыз

байланыста, аталған өзара тәуелділіктен құтылу үшін қытайлық геосаяси бастамаларға интеграциялану заман талабынан туындайды [19, 776].

Ресейдің Орталық Азиядағы әскери-стратегиялық бастамалары Қытай тарапынан қолдауға ие болғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. 2015 жылы мамыр айында РФ және ҚХР басшыларының бірлескен мәлімдемелерінде, еуразиялық аймақтың теңгерімді және үйлесімді дамуы мақсатында, ЕАЭҚ және «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобалары арасындағы үйлестіру жобалары туралы айтылады [20]. Сонымен қатар, 2017 жылы «Бір белдеу бір жол» халықаралық форумында В.В. Путиннің сөйлеген сөзінде: «ЕАЭҚ, «Бір белдеу бір жол» жобасының, ШЫҰ, АСЕАН интеграциялық форматтарының әлеуеттерін үйлестіру, үлкен еуразиялық әріптестікті құруға алғышарт болып табылады. Үлкен Еуразия идеясы аталған кеңістікте тұрақтылық, өркендеу әкеліп, саяси-экономикалық жағдайды түбегейлі өзгертеді», деп жарияланған [21]. А. Дугин Қытай – Ресей арасындағы ынтымақтастықтың дамуында Үндістан факторын да ерекшелейді. Ғалымның пайымдауынша, «Бір белдеу бір жол» жобасының әлеуетін толықтай ашу үшін Үндістан өте маңызды ел, ал Қытай және Үндістан арасындағы тарихи қалыптасқан қайшылықтар салдарынан бұл жобаға елеулі түрде нұқсан келтіруі мүмкін, осы ретте Москва-Дели арасында қалыптасқан тығыз қарым-қатынасты пайдалануға Үндістанмен қатынаста Ресейдің қолдауына ие болуға Қытай мүдделі [3, 78-6].

Қытай Орталық Азия елдері үшін ең маңызды сауда-экономикалық әріптес, инвестициялардың көзі болып табылады. Мысалы, Қазақстан және Қытай арасындағы сауда айналымы 2023 жылдың қорытындысы бойынша 30 пайызға өсіп, \$31,5 млрд. көрсеткішке жеткен. 2023 жылы Қытай Қазақстан экономикасына \$1,4 млрд. салым жасаған, қазіргі кезеңде жүзеге асырылу үшін \$14,5 млрд. жоғары инвестициялық ауқымы бар 45 бірлескен жобалар жоспарланып отыр [22]. 2024 жылы бұл көрсеткіш 11% жоғарылап, 36,5 млрд. долларды құраған.

Қытай – Еуропа арасындағы маңызды көлік торабының және Қытай-Орталық Азия газ құбырларының орталығына айналған Қазақстан Республикасы үшін, бұл теңіз және құрлық күштерінің арасындағы текетірес ұлттық қауіпсіздікке тікелей ықпал ететін фактор.

Халықаралық аренада бейбітсүйгіш ел ретінде, шетел инвесторларын ұтымды түрде тарта білген Қазақстан Республикасы үшін Украинадағы жағдай үлкен сынақтар легін көрсетті. Қазақстанның мұнайын Каспий құбыр желісі консорциумы арқылы Ресей аумағы арқылы тасымалдау Ресей тарапынан бөгеттеуге байланысты қиындыққа ұшырады. Екіншіден, 2024 жылы қарашада «Орешник» баллистикалық зымыраны арқылы Украинаға соққы жасау кезінде, Қазақстанның Ресейге жақын аумақтағы маңызды инфрақұрылымдарына қатысты шаралар қолдануға мәжбүр болды. Бұл экономикалық және әскери қауіпсіздіктің басты мәселелері.

Орталық Азия аймағына саяси түрде белсенді қатысуға Ресей, Қытай елдерімен қатар Түркия мүдделі. Тарихи және әлеуметтік мәдени фак-

торлар негізінде Түркия белсенді саяси ұстанымдарға ие және геосаяси мүдделері жоғары. Түркиялық зерттеушілер, Орталық Азияның елдерімен қарым-қатынас орнату барысында Түркия, аймақтық процестерді Орталық Азия елдерінің сыртқы державалардың саяси, экономикалық, әскери-техникалық тәуелділігіне қатысты қарастыру керек деп зерделейді [23, 186]. Жалпы Түркияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығының институционалдық негізін «Түркі мемлекеттерінің ұйымы» құрайды. Дегенмен, аймақ елдерімен құрлықтық шекараның болмауы, экономикалық және әскери ресурстардың төмендігі, Ресейдің Орталық Азиядағы сыртқы саяси басымдықтары түріндегі мәселелер кедергі факторы болып табылды. Сондықтан, Түркия аймақтағы өзінің саясатын экономикалық, мәдени және білім беру салаларында белсенді саясат жүргізуде. Бұл астар тарихи кезеңдерден бері қалыптасқан үрдіс. Атап айтқанда, XIX ғасырда Осман империясының «Панисламизм», кейіннен «Пантюркизм» идеясына Ұлыбритания тарапынан «Үлкен ойын» геосаяси бәсекелестік барысында Орталық Азиядағы Ресейге қарсы бағытталған шара ретінде қолдау танытылған. Қазіргі жағдайда Түркияның Орталық Азия елдеріндегі саясатының Батыс әлемі тарапынан қолдауға ие болуының басты себебі ретінде, Иранның аймақтағы ықпалына тежеу қою және Ресей мен Қытайдың идеологиялық-мәдени ықпалын шектеу мақсатын көрсетеміз. Түркияның Орталық Азиядағы негізгі саясаты ынтымақтастық этногенетикалық, мәдени-тілдік, және конфессиялық сарындағы «Тұран» геосаяси концепті шеңберінде өріс алып келеді.

Орталық Азияға қатысты АҚШ мүдделері жайында RAND корпорациясының сараптамашысы Хантер Столл пікірінше, Орталық Азиядағы Ресей және Қытай мүдделері мен ықпалдары ешқашан өзгермейтін жағдайда. Дегенмен, кейбір геосаяси жағдайларды ескере отырып, АҚШ ұзақ мерзімдегі инвестициялар арқылы аймақта өзіндік имиджін қалыптастыруы қажет деп санайды. Бұл мәселені шешудің жолдары ретінде: экономикалық инвестициялар, жеке сектордың қатысуы, ағылшын тілін тарату бойынша арнайы бағдарламалар, терроризммен күрес бойынша миссияларды ұсынады. Х. Маккиндер «Хартлендке» бақылау орнатудың маңыздылығын теориясында алға тарта отырып, АҚШ бұл үрдістен тыс қалмауы тиіс, тек бақылау арқылы емес ықпал арқылы саясат жүргізгені оңтайлы деп ұйғарады [24]. Х. Столл көзқарасы тұрғысынан жағдайға талдау жасап қарастыратын болсақ, АҚШ Орталық Азиядағы мүдделерін алға жылжытудың негізгі құралдары ретінде, үкіметтік емес ұйымдардың қызметі және БАҚ белсенді түрде қолданылып келеді. Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам істері бойынша Комитеттің төрағасы М. Қожахмет мәлімдемесіне сәйкес, қазіргі таңда Қазақстанда 22 мың үкіметтік емес ұйымдар тіркелген [25]. Ресей Федерациясы Қауіпсіздік Кеңесінің мәліметтері бойынша, 2023 жылы АҚШ тарапынан посткеңестік кеңістік елдерінде демократиялық құндылықтарды алға жылжытуға бағытталған іс шаралар үшін \$300млн

қаржы бөлінген [26]. EurasiaNet агенттігі Сорос қоры тарапынан «Азаттық радиосы» АҚШ тарапынан қолдауға ие.

4) Жаһандық деңгейдегі тұрақсыздық жағдайындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2020 жылы қаңтар айында БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш ХХІ ғасырдың жаһандық қауіпсіздігіне ықпал етуші маңызды төрт мәселесін төмендегіше айрықшалайды:

1 Геостратегиялық қайшылықтар.

2 Климаттық дағдарыс.

3 Жаһандық сенімнің жоғалуы.

5)Технологияларды қолданудың теріс жақтары [27].

Осы аталған қауіпсіздік қатерлері шегінде авторлар, төмендегідей геосаяси тұрақсыздық жағдайындағы қауіпсіздік үшін қатерлер легін сипаттайды:

- 2001 жылы 11 қыркүйектегі террористік актілер және жаһандық тұрғыда терроризмге қарсы күрес жариялау нәтижесінде, Таяу Шығыс елдеріндегі «Араб көктемі» атты трансформациялық өзгерістердің басталуы салдарынан, Батыс әлемінің Шығысты экспансиялауының жаңа нысаны қалыптасты және Таяу Шығыс елдерінің саяси картасының өзгеріске түсті;

- 2020 жылы COVID-19 пандемиясының салдарынан саяси-экономикалық, идеологиялық өзгерістер және цифрлық өркениеттің басталуы, жасанды интеллект мәселесі оларды қолданудың теріс жақтары;

- Палестина мәселесінің қайта ушығуы салдарынан Израиль мемлекетінің Таяу Шығыстағы ірі күш акторына айналуға деген саясатынан туындайтын кикілжіңдер;

- Ауғанстандағы Талибан тобының билікке келуі нәтижесінде, Қазақстан Республикасы тарапынан ұйымды террористік топ тізімінен алып тасталуы, 2024 жылы желтоқсанда Ресейдің Талибанды террористік топтар тізімінен шығаруы туралы заң қабылдауы және Сириядағы Башар Асад үкіметінің құлауы салдарынан Абу Мухаммед ал-Джулани бастаған бұрын террористік ұйым ретінде қарастырылып келген «Джебхат ан-Нусра» тобының билікке деген ұмтылысы жалпы терроризмге деген тәсілдердің өзгерісін тудырып отыр;

- Иранға қарсы соғыс басталу қаупі және Каспий жағалауының геосаяси қауіпсіздігі;

- гендерлік саясат, сексуалдық азшылықтарға Батыс әлемінің саясаты шеңберінде аса үлкен қолдау танытылуынан туындайтын жалпы адамзаттық құндылықтарға деген қауіптер.

- экономикалық санкциялар нәтижесінде ұлттық валютаның құнсыздануы, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі, қарсылық қозғалысы әлеуетінің артуы салдарынан «түрлі түсті революциялардың» алғышарттарының қалыптасуы;

- стратегиялық маңызы бар аймақтардың, көлік-коммуникациялық тораптарының, жаһандық ресурстардың геосаяси теке-тірес нысандарына айналуы.

Осы келтірілген қауіптермен қатар, ірі трансұлттық корпорациялардың мемлекеттердің саясатына ықпал ету үлесінің артуы және жеке күзет компанияларының аумақтардағы қызметі егеменді мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіндегі алаңдаушылық туғызатын мәселе. 2008 жылы жарық көрген АҚШ барлау Кеңесінің «2025 - жаһандық үрдістер: өзгерген әлем» құжатында, [28] 2025 жылға қарай халықаралық қауымдастық шеңберіндегі билік өзіндік ойын ережелерін орнатуға дайын, жаңа субъектілер пайда болуы мүмкін деп берілген. Осы ретте зерттеушілердің пікірінше, адамзат болашағының геосаяси құрылымында ұлттық мемлекеттердің шекарасы жойылып, өзге нысандағы аумақтық құрылымдар пайда болады. Осындай нысандар негізінде дәстүрлі мемлекеттерді ірі трансұлттық корпорациялардың алмастыруы да болжануда. Зерттеушілер олардың төмендегідей сипаттарын ашып көрсетеді: экстерриториалдық, өзіндік заңды қарулы күштерінің болуы, халықаралық ұйымдарға дербес субъект ретінде қатысу мүмкіндігі [29, 98-б.]

Мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіндегі маңызды фактордың бірі – әлемдік саясаттың ірі акторларының тарапынан жеке қорғау компанияларының аймақтардағы қызметі. Мысалы, «Бір белдеу бір жол» геосаяси жобасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қытай Халық Республикасы тарапынан жеке күзет компанияларын құру өткір мәселе болып табылады. Қытайлық жеке күзет компанияларының шет елдердегі қызметі де қазіргі пікірталастар тудырып отырған бағыт. 2009 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңесі тарапынан ұсынылған «Қауіпсіздік қызметтерін басқару туралы Ереже» қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жеке компанияларды құру және олардың қызметін реттеу бойынша алғашқы құжат болып табылады [30]. Құжатқа сәйкес Қытайда екі нысандағы: «күзет компаниялары» және «қарулы күзетті қолдау қызметімен айналысатын компаниялар» болып бөлінеді. Ирак және Ауғанстан аумағында қызмет атқаратын қытайлық корпорацияларға күзет қызметін ұсынатын VSS Security Group және Shandong Huawei алғашқы осы нысандағы компания болып табылады. Еуразиялық кеңістікте тауарларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметімен Huawei Security және Dewei Security жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі үшін басты мәселе Каспий аймағының қауіпсіздігін сақтау. Каспий жағалауына төнетін қатерлер төмендегі жағдайлардан туындауы мүмкін:

- Каспий аймағы бойында экстремистік, террористік ұйымдардың қызметінен;

- Иран және Израиль, АҚШ және Иран арасындағы қайшылықтардың ұлғаюынан.

Қазіргі кезде жаһандық, аймақтық, ұлттық қауіпсіздікке төнетін ерекше қауіп – бұл геосаяси күштердің геосаяси кеңістікке бақылау

жасауға байланысты стратегияларынан туындайды. Ұлттық қауіпсіздік үш негізгі элементтер: мүдде, қауіп-қатерлер, қорғанысты қамтамасыз етуден тізбектеледі және негізгі мүдделер ұлттық бірлік, аумақтың тұтастығын сақтау, халықтың рухани және зияткерлік әлеуетін арттыру, экономиканы дамыту, мемлекеттің саяси және әскери құрылымын дамытудан қалыптасады. Дегенмен, әлемнің геосаяси жүйесінің өзгерісі мемлекеттердің сыртқы саясатының, егемендік қағидаттарының өзгерісін тудыруда. Әлемнің бейбітшілігін және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі кезінде халықаралық қауымдастық қандай жолды: «бірегей әлемдік Үкіметтің құрылуын бір полярлы жүйе немесе күш тепе теңдігін сақтай отырып, көп полярлы жүйенің негізін құруды таңдайды ма»? деген бағыт үлкен пікірталастағы мәселе.

Қорытынды

Мақаланың түйінді ойлары Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Euronews» телеарнасына берілген «Middle powers have the power to save multilateralism» атты сұхбатындағы идеяларға негізделеді. Авторлар қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында «орта державалардың» маңызы артқанын атап өтеді. Бұрын ірі күштердің ықпалында болған бұл елдер енді өз дербес стратегиясын қалыптастыруы қажет. Ол стратегия «блоктық одақ та емес, қарсылық та емес тек мүдде ұстанымына сүйену» қағидатына негізделуі тиіс. Сонымен қатар, «орта державалардың» негізгі ұстанымының бірі – ұлттық егемендік қағидатымен тығыз байланыста қарастырылуы маңызды. Бұл бағыттағы тиісті шешімдер ретінде: ұлттық стратегияны нақтылау, көп бағытты дипломатияны күшейту, аймақтық ынтымақтастықты тереңдету және егемендікті қорғау тетіктерін жетілдіру ұсынылады. Сондай-ақ халықаралық сын-қатерлерді зерттейтін ғылыми-сараптамалық орталықтарды жетілдіру, көбейту, университеттер жанынан зерттеу институттарын ашу маңызды. Бұл қадамдар ұлттық ғылыми әлеуетті арттырып, тәуелсіз талдау мектебін қалыптастыруға, соның нәтижесінде еліміздің ғылыми және дипломатиялық дербестігін нығайтуға жол ашады.

Екіншіден, талассократия мен теллуократия арасындағы геосаяси дуализм бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл қарама-қайшылық әсіресе Еуразия кеңістігінде айқын байқалып, Ресей мен Батыс елдері, сондай-ақ Қытай мен АҚШ арасындағы құрлықтық және теңіздік күштердің тарихи тартысы түрінде жалғасуда. Геосаяси мүдделердің түйісуі табиғи ресурстар, көлік логистикалық жолдар мен энергетикалық нарықтарға бақылау орнатуға бағытталып, кеңістіктің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсер етуде. Еуразия замануи кезеңде көпполярлы әлемнің қалыптасу өзегіне айналып, Ресей, Қытай, Үндістан, Иран, Түркия және Қазақстан сияқты мемлекеттер негізгі рөл атқаруда. Еуразиялық саяси-өркениеттік кеңістікті дамыту бүкіл құрлық елдері үшін өзекті мәселе болып қала береді. Бұл үдеріс «Үлкен еуразия» тұжырымдамасына сүйеніп, Еуразия кеңістігі елдерінің стратегиялық қауіпсіздік, экономика және өркениет

салаларындағы ынтымақтастығын көздейді. Еуразия кеңістігі тарихи тұрғыдан далалық өркениетпен тығыз байланысты. Орыс ойшылы Н.Трубецкойдың пікірінше, «өзен жүйесін бағындырған халық Еуразияның белгілі бір бөлігінің ғана иесі бола алады, ал далалық жүйені игерген күш барлық Еуразияның билеушісіне айналады». Демек, ұлан-ғайыр дала кеңістігі – Еуразияның біртұтастығы мен өркендеуінің басты шарты. Осы тарихи-өркениеттік сабақтастық негізінде Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиялары да қалыптасуы тиіс. Бүгінде «орта держава» мәртебесіне ие еліміз болашақта дала кеңістігінің орталығы ретінде Еуразия елдерін саяси, экономикалық, логистикалық, рухани тұрғыдан ұштастыра алатын ықпалды күш орталығына айналуға ұмтылуы заңды. Себебі, ұлы мақсаттар мен ауқымды стратегияларға бағытталған халық қана өз болашағын айқын қалыптастыра алады. Бұл идеяны теориялық тұрғыдан тұжырымдап, оны жүйелі бағытқа айналдыру – болашаққа жасалған маңызды стратегиялық қадам болып табылады.

Үшіншіден, қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында идеологиялық қауіпсіздік – ұлттық тұрақтылықтың басты шарты. Шеттен енгізілген түрлі діни және мәдени идеялар ұлт қауіпсіздігіне тікелей ықпал ететін құралдарға айналып отыр. Бүгінде әлемдік қауымдастық «зумерлер революциясы» дәуірінің басталғанын мойындап отыр. Бұл ақпараттық және мәдени құндылықтар күрт өзгеріске түсіп отырған жаңа кезең. Оның қауіп-қатерін алдын алу тетіктері әлі толық айқындалмаған. Сондықтан медиа кеңістікте толып кеткен ойын-сауық контенттерін технологиялық, прагматикалық және патриоттық мазмұнмен алмастыру, жастарды краудфандинг арқылы пайдалы жобаларға жұмылдыру - уақыт талабы. Мемлекеттік идеология тек ұлттық және қоғамдық қауіпсіздіктің іргетасы ғана емес, қоғамның рухани өмірін жүйелеуші құрал болуы тиіс. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қарқыны қазіргі таңда бәсеңдегенімен, оны формальды және жалаң ұран көзқарасынан шығарып, шынайы ұлттық идеологияның бағдаршамына айналдыратын тәсілдер арқылы қайта жандандыру маңызды. Ұлттық сана мен идеологиялық иммунитетті нығайту – әлемнің геосаяси тұрақсыздығы жағдайындағы еліміздің тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Hennig R. Die Lehre vom Staat als Lebewesen. [Electronic resource]. – 1928. – URL: <https://archive.org/details/geopolitikdieleh00henn/page/n5/mode/2up> (қаралған күні: 10.08.2024)
2. Mackinder H. J. Democratic ideals and reality. A Study in the Politics of Reconstruction. [Electronic resource]. – 1919. – URL: <https://archive.org/details/democraticideals00mackiala/page/n7/mode/2up> (қаралған күні: 10.08.2024)
3. Дугин А.Г. Многополярный мир. От идеи к реальности. – Москва: Академический проспект, 2024. – 383 с. (қаралған күні: 10.08.2024)
4. Спикмэн Н, Шмитт К «Новая Атлантида» Геополитика Запада на суше и на море. – Москва: Родина, 2022. – 224 с. (қаралған күні: 10.08.2024)
5. Бжезинский Зб Выбор: мировое господство или глобальное лидерство. – Москва: Международные отношения, 2010. – 262 с. (қаралған күні: 20.08.2024)

6. Бжезинский Зб. Великая шахматная доска Господство Америки и его геостратегические императивы. [Электронный ресурс]. – 1999. – URL: <https://mo.tnu.tj/wp-content/uploads/2021/03/velikaja-shahmatnaja-doska.pdf> (қаралған күні: 17.09.2024)
7. Cohen S. B. Geopolitics: The Geography of International Relations. – Rowman & Littlefield 2014 – 504 p. (қаралған күні: 17.09.2024)
8. Wang, Q., Ren, F. & Li, R. Geopolitics and energy security: a comprehensive exploration of evolution, collaborations, and future directions // Humanit Soc Sci Commun. – [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://doi.org/10.1057/s41599-024-03507-2> (қаралған күні: 20.09.2024)
9. Chapman B. Geopolitics: A Guide to the Issues. – Santa Barbara, Calif. : Praeger, 2011. – 261 p. (қаралған күні: 20.09.2024)
10. Zhang Weiwei. China wave: rise of a civilizational state. – World Century Publishing Corporation, 2012. – 205 p. (қаралған күні: 22.09.2024)
11. Jacques M. When China rules the world : the end of the western world and the birth of a new global order. – New York : Penguin Press 2009 – 550 p. (қаралған күні: 28.09.2024)
12. Мемлекет басшысы «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәріс оқыды. [Электронды ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakistan-zhane-orta-derzhavalarydyn-roli-kauipsizdikt-turaktylyk-pen-ornykyty-damudy-ilgeriletu-atty-takyrypta-daris-okydy-2442630> (қаралған күні: 24.12.2024)
13. Ikenberry, G. John, After Victory: Institutions, Strategic Restraint, and the Rebuilding of Order After Major Wars. – Princeton: Princeton University Press, 2001. – 293 p. (қаралған күні: 24.12.2024)
14. Mearsheimer J.J. The Tragedy of Great Power Politics. – W W Nanon & Company, 2001-555 p. (қаралған күні: 25.12.2024)
15. Nye J S. Is the American Century Over? – Cambridge: Poliry Press. 2015 – 201 p.
16. Stewart Patrick. World Order: What, Exactly, are the Rules?// The Washington Quarterly. [Electronic resource]. – 2016. – URL: <http://dx.doi.org/10.1080/01636660X.2016.1170477> (қаралған күні: 24.12.2025)
17. Hochberg L., Hochberg M. Could the US fight a four-front war? Not today [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://thehill.com/opinion/national-security/556666-could-the-us-fight-a-four-front-war-not-today/>. (қаралған күні: 27.12.2024)
18. Richard N Haass. World Order 2.0 The Cfse for Sovereign Obligation // Foreign. [Electronic resource]. – 2017. – URL: <https://www.foreignaffairs.com/world/world-order-20> (қаралған күні: 28.12.2024)
19. У Тин. Геополитические проекты Китая в политическом дискурсе России: дис. ... кандидата политических наук: 23.00.04. – Москва, 2022. – 201 с. (қаралған күні: 14.01.2025)
20. Совместное заявление Российской Федерации и Китайской Народной Республики о сотрудничестве по сопряжению строительства Евразийского экономического союза и Экономического пояса Шелкового пути. [Электронный ресурс]. – 2015. – URL: <http://www.kremlin.ru/supplement/4971> (қаралған күні: 14.01.2025)
21. Заседание круглого стола лидеров форума «Один пояс, один путь» [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://www.kremlin.ru/events/president/transcripts/54496> (қаралған күні: 14.01.2025)
22. Товарооборот между Казахстаном и Китаем в 2023 году превысил \$31 млрд [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.inform.kz/ru/tovarooborot-mezhdu-kazahstanom-i-kitaem-v-2023-godu-previsil-31-mlrd-d0a0bc>. (қаралған күні: 14.01.2025)
23. Суджу Али Эмре. Отношения Российской Федерации и Турецкой Республики в Центральной Азии: выявление баланса сотрудничества и соперничества: дис. ...кандидата политических наук: 23.00.04 – Москва., 2022 – 222 с. (қаралған күні: 14.01.2025)
24. Hunter Stoll. A Case for Greater US Engagement in Central Asia [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://thediplomat.com/2023/09/a-case-for-greater-us-engagement-in-central-asia> (қаралған күні: 18.01.2025)
25. НПО в Казахстане стало больше [Электронный ресурс]. – 2024. – URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/588711-npo-v-kazakhstane-stalo-bolshe> (қаралған күні: 18.01.2025)
26. Совбез РФ: США стремятся заставить страны СНГ свернуть сотрудничество с Россией [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://rg.ru/2023/08/28/v-tiskah-anakondy.html> (қаралған күні: 19.01.2025)
27. Secretary-General's remarks to the General Assembly on his priorities for 2020. [Electronic resource]. – 2020. – URL: <https://www.un.org/sg/en/content/sg/statement/2020-01-22/secretary-generals-remarks-the-general-assembly-his-priorities-for-2020-bilingual-delivered-scroll-down-for-all-english-version> (қаралған күні: 20.01.2025)
28. Global Trends 2025: A Transformed World [Electronic resource]. – 2008. – URL: https://www.dni.gov/files/documents/Newsroom/Reports%20and%20Pubs/2025_Global_Trends_Final_Report.pdf (қаралған күні: 20.01.2025)

29. Бабин И.А. Геополитика и культура мира как факторы обеспечения безопасности : диссертация ... кандидата политических наук: 23.00.02. - Ставрополь, 2001. - 188 с. (қаралған күні: 20.01.2025)
30. Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Кеңесінің № 564 бұйрығымен бекітілген Қауіпсіздік қызметтерін басқару туралы Ереже [Электронды ресурс]. - 2009. - URL: https://www.gov.cn/zwgk/2009-10/19/content_1443395.htm (қаралған күні: 22.01.2025)

REFERENCES:

1. Hennig R. Die Lehre vom Staat als Lebewesen. [Electronic resource]. - 1928. - URL: <https://archive.org/details/geopolitkdieleh00henn/page/n5/mode/2up> (accessed: 10.08.2024)
2. Mackinder H. J. Democratic ideals and reality. A Study in the Politics of Reconstruction. [Electronic resource]. - 1919. - URL: <https://archive.org/details/democraticideals00mackiala/page/n7/mode/2up> (accessed: 10.08.2024)
3. Dugin A.G. Mnogopolynnyj mir. Ot idei k real'nosti. - Moskva: Akademicheskij prospekt, 2024. - 383 s. (accessed: 10.08.2024)
4. Spikmen N, SHmitt K «Novaya Atlantida» Geopolitika Zapada na sushe i na more. - Moskva: Rodina, 2022. - 224 s. (accessed: 10.08.2024)
5. Bzhezinskij Zb Vybora: mirovye gosподstvo ili global'noe liderstvo. - Moskva: Mezhdunarodnye otnosheniya, 2010. - 262 s. (accessed: 20.08.2024)
6. Bzhezinskij Zb. Velikaya shahmatnaya doska Gosподstvo Ameriki i ego geostrategicheskie imperativy. [Elektronnyj resurs]. - 1999. - URL: <https://mo.tnu.tj/wp-content/uploads/2021/03/velikaja-shahmatnaja-doska.pdf> (accessed: 17.09.2024)
7. Cohen S. B. Geopolitics: The Geography of International Relations. - Rowman & Littlefield 2014 - 504 r. (accessed: 17.09.2024)
8. Wang, Q., Ren, F. & Li, R. Geopolitics and energy security: a comprehensive exploration of evolution, collaborations, and future directions // Humanit Soc Sci Commun. - [Electronic resource]. - 2024. - URL: <https://doi.org/10.1057/s41599-024-03507-2> (accessed: 20.09.2024)
9. Chapman B. Geopolitics: A Guide to the Issues. - Santa Barbara, Calif. : Praeger, 2011. - 261 r. (accessed: 20.09.2024)
10. Zhang Weiwei. China wave: rise of a civilizational state. - World Century Publishing Corporation, 2012. - 205 r. (accessed: 22.09.2024)
11. Jacques M. When China rules the world : the end of the western world and the birth of a new global order. - New York : Penguin Press 2009 - 550 r. (accessed: 28.09.2024)
12. Memleket basshysy «Қазақстан және орта дерзхавалардың рөлі: қауіпсіздікті, тырақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәріс оқыды. [Elektronnyj resurs]. - 2024. - URL: [https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-zhane-orta-derzhavalar-dyn-roli-kaupisizdiki-turaktylyk-pen-ornykty-damudy-ilgeriletu-aty-takyrypta-daris-okydy-2442630](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-zhane-orta-derzhavalar-dyn-roli-kaupisizdiki-turaktylyk-pen-ornykty-damudy-ilgeriletu-aty-takyrypta-daris-okydy) (accessed: 24.12.2024)
13. Ikenberry, G. John, After Victory: Institutions, Strategic Restraint, and the Rebuilding of Order After Major Wars. - Princeton: Princeton University Press, 2001. - 293 p. (accessed: 24.12.2024)
14. Mearsheimer J.J. The Tragedy of Great Power Politics. - W W Nanon & Company, 2001- 555 p. (accessed: 25.12.2024)
15. Nye J S. Is the American Century Over? - Cambridge: Poliry Press. 2015 - 201 p.
16. Stewart Patrick. World Order: What, Exactly, are the Rules?// The Washington Quarterly. [Electronic resource]. - 2016. - URL: <http://dx.doi.org/10.1080/0163660X.2016.1170477> (accessed: 24.12.2025)
17. Hochberg L., Hochberg M. Could the US fight a four-front war? Not today [Electronic resource]. - 2021. - URL: <https://thehill.com/opinion/national-security/556666-could-the-us-fight-a-four-front-war-not-today/>. (accessed: 27.12.2024)
18. Richard N Haass. World Order 2.0 The Cfse for Sovereign Obligation // Foreign. [Electronic resource]. - 2017. - URL: <https://www.foreignaffairs.com/world/world-order-20> (accessed: 28.12.2024)
19. U Tin. Geopoliticheskie proekty Kitaya v politicheskom diskurse Rossii: dis. ... kandidata politicheskikh nauk: 23.00.04. - Moskva, 2022. - 201 s. (accessed: 14.01.2025)
20. Sovmestnoye zayavleniye Rossijskoj Federacii i Kitajskoj Narodnoj Respubliki o sotrudnichestve po sopryazheniyu stroitel'stva Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza i Ekonomicheskogo poyasa SHeikovogo puti. [Elektronnyj resurs]. - 2015. - URL: <http://www.kremlin.ru/supplement/4971> (accessed: 14.01.2025)
21. Zasedaniye kruglogo stola liderov foruma «Odin poyas, odin put'» [Elektronnyj resurs]. - 2017. - URL: <http://www.kremlin.ru/events/president/transcripts/54496> (accessed: 14.01.2025)
22. Tovaroorobot mezhdu Kazahstanom i Kitaem v 2023 godu prevysil \$31 mlrd [Elektronnyj resurs]. - 2023. - URL: <https://www.inform.kz/ru/tovaroorobot-mezhdu-kazahstanom-i-kitaem-v-2023-godu-previsil-31-mlrd-d0a0bc>. (accessed: 14.01.2025)

-
23. Sudzhu Ali Emre. Otnosheniya Rossijskoj Federacii i Tureckoj Respubliki v Central'noj Azii: vyvavlenie balansu sotrudnichestva i soprenichestva: dis. ...kandidata politicheskikh nauk: 23.00.04 – Moskva, 2022 – 222 s. (accessed: 14.01.2025)
24. Hunter Stoll. A Case for Greater US Engagement in Central Asia [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://thediplomat.com/2023/09/a-case-for-greater-us-engagement-in-central-asia> (accessed: 18.01.2025)
25. NPO v Kazahstane stalo bol'she [Elektronnyj resurs]. – 2024. – URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/588711-npo-v-kazahstane-stalo-bolshe> (accessed: 18.01.2025)
26. Sovbez RF: SSHA stremyatsya zastavit' strany SNG svernut' sotrudnichestvo s Rossiej [Elektronnyj resurs]. – 2023. – URL: <https://rg.ru/2023/08/28/v-tiskah-anakondy.html> (accessed: 19.01.2025)
27. Secretary-General's remarks to the General Assembly on his priorities for 2020. [Electronic resource]. – 2020. – URL: <https://www.un.org/sg/en/content/sg/statement/2020-01-22/secretary-generals-remarks-the-general-assembly-his-priorities-for-2020-bilingual-delivered-scroll-down-for-all-english-version> (accessed: 20.01.2025)
28. Global Trends 2025: A Transformed World [Electronic resource]. – 2008. – URL: https://www.dni.gov/files/documents/Newsroom/Reports%20and%20Pubs/2025_Global_Trends_Final_Report.pdf (accessed: 20.01.2025)
29. Babin I.A. Geopolitika i kul'tura mira kak faktory obespecheniya bezopasnosti : dissertaciya ... kandidata politicheskikh nauk : 23.00.02. - Stavropol', 2001. - 188 s. (accessed: 20.01.2025)
30. Kytaj Halyk Respublikasynyñ Memlekettik Keñesiniñ № 564 bıjıryymen bekıtilgen Қауipsızdık қызметтерін басқару туралы Erezhe [Elektronnyj resurs]. – 2009. – URL: https://www.gov.cn/zwgk/2009-10/19/content_1443395.htm (accessed: 22.01.2025)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 17-02-2025

Мақаланың жарияланған күні: 19-12-2025